



29.03.2025 № 2-12-25-00473

160547, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,
Мырзакент кенті, М.Қуандықов көшесі, №82
тел.: 8(72541)2-13-51, факс: 8(72541)2-13-52
www.turkistan.gov.kz

160547, Туркестанская область, Махтааральский район,
поселок Мырзакент, улица М.Қуандықова, №82
тел.: 8(72541)2-13-51, факс: 8(72541)2-13-52
www.turkistan.gov.kz

Г.Т. Саржановқа
«Е-өтініш»

Құрметті Галымжан Турлыбекович!

Сіздің №255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі бойынша 19.03.2025ж. (№3Т-С-1209-25-00112; №3Т-С-1209-25-00113) жазған жолданымдарыңызды аудан прокуратурасы іс материалдарды зерделеу арқылы қарады.

Мақтаарал аудандық полиция бөлімімен (бұдан әрі АПБ) қылмыстық кодекстің (бұдан әрі ҚК) 174-бабы 1-бөлігімен басталған №255143031000006 сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, «Whatsap» әлеуметтік желісінде ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыратын аудио және видеожазбалар жарияланғаны анықталып, 28.02.2025ж. ҚК 174-бабы 2-бөлігімен №255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған.

ҚПК 24-бабы 1-бөлігіне сәйкес тергеуші істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті.

Аталған заң талаптарына сәйкес бүгінгі таңда қылмыстық қудалау органымен тиісті тергеу әрекеттері жүргізілуде (жауаптар алу, сараптама тағайындау, жеке тапсырмалар беру және т.б).

Сәйкесінше, аудан прокуратурасы қылмыстық іс шеңберінде және жолданымда көрсетілген негіздерге сай қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу мақсатында АПБ-не нұсқау берді.

ҚПК 99-бабына сәйкес сіз сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қылмыстық процесс барысында маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін процестік әрекеттерді жүргізу немесе процестік шешімдерді қабылдау туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылысыз.

Берілген бұл жауаппен келіспеген жағдайда, осы құжат көшірмесін тіркей отырып, жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағымдануға құқылы екеніңізді назарыңызға ұсынамын.

Аудан прокуроры

А.Досаев

Орынд. Е. Саржан
тел. 7253413.